

АРДАҚТЫ ЖӘКЕ

Еңбек баласының шын айы-күні болған Совет дәуіріне дейін өзін көрген қыруар халықтар мен көп замандарда адам дегеннің аса қатты қорқатын екі заты бар еді. Оның бірі кәрілік, екіншісі өлім болатын. Сонда және қай бұның алсаң да баяғының бәрі де бітімсіз араз болғанда кәрілікпен болушы еді. Өмірге құле кіргізген жастық десе, қүнірене кетірген кәрілік дейтін. Мазағы да, зары да, қорқытқан құқайы да, қор тұтқан, қорлағаны да сол кәрілік еді. Кәрінің тірлігін қараңғы, жым-жырт кешпен теңеді. Өмірдің бейуағы, зауал уағы деп атады. Кәріден үн шықса бай-бай шал деді, күрсініп түңілсе, көй-гөйін тартты деді.

Міне, осының бәрін “өзіңмен кет” деп серпіп тастап, кәрілігін кәдірлі еткен ұлы дәуреннің даналығына қуанып, шарқ ұрып дабыл қағып келген бүкіл союздың жаңа адам, жас қауымына асыл аға сен болдың. Бұрынғының кәрі өтпес деген кәрілігін ең алдымен, шынымен жеңген алып кәрі сен болдың.

Социалистік отанның, жаңа адамның жаңа ұрпағы – кәрілігінің өзінде де алмластай аға білсін деген үлгі бастап отырсың. Өмірдің шәрші өрінде де қасқарып ұшып самғай біл деп ұран ұстап, атой беріп отырсың. “Кәрілікке не дер екен, тоқсанға келе тоқырар ма екен, қайтер екен?” дегенде дәл сол тоқсанның өзінің жотасына шығып ап, белінен баса тұрып әлемге атың шыға, жәй тасындай жарқырадың. Тоқсанда топтай атылған қарт, асыл аға, сениң жырың, біздің ұлы заманымыздың, Совет дәуірінің терең мағыналы ең асыл ескерткішінің бірі.

Кәрілік жеңбеген сені өлім де жеңбейді. Сенің атың ұлы заманың ұмытылmas атының бірі екенінде күмән жоқ.

Жасы кәрі, жаны жас, аспандай шыққан әні жас Жәкен, сен әрі әкеңнің әкесіндейсің, әрі шөберенің құрбысындей-

сын, әрі болашақ үрпақ тұрғысындаисың. Ғасырларды көктеп өткен даналық тірлік осы да.

Бір тоқсан емес, сан тоқсандық өлмес, өшпес тірлігіңе сенген інің – Мұхтар.